кезеңде Ай біртіндеп оң жағынан бастап кетіліп 7 күннің ішінде тағы да жартыланады – жарты Айға айналады. Осы кетілу әрі қарай жалғасып қалған 7 күннің ішінде толық мүжіліп бітеді. Сонымен мөлшермен алғанда 28 күндік бір айдың алғашқы 14 күнінде Ай туады, өсіп өнеді, жетіледі, толысады. Ендігі қалған 14 күннің ішінде, былайша айтқанда, Айдың біртіндеп кему, мүжілу, тозу, жоғалып біту үдерісі жүреді. Сондықтан да Ай біздің ата-бабаларымыздың мифологиялық дүниетанымында, түсінігінде жаратылып пайда болудың, өсіп-өнудің, толысудың, одан біртіндеп кемудің, азаюдың, түбінде құрып бітудің нақты нышаны, аспандағы көрінісі болып табылған.

Қазақ Айдың 28 күндік бір циклын (айналымын) адам өмірімен салыстырған. Адам баласы да жоқтан бар болып жаратылады, туады, өсіп өнеді, толысады, бұдан соң қартаю басталып, қай жағынан болсын біртіндеп кемиді, мүжіледі, ең аяғында өліп жоқ болады [5, 122-123 бб.]

Жалпы, Азия құрлығындағы көне күнтізбенің тарихын зерттеуші Фролов деген ғалымның зерттеулеріне қарағанда, сонау палеолит заманында пайда болған алғашқы күнтізбені (календарь) әйел заты ойлап тапқан және де ол түп- түгел жатырда баланың пайда болуы, оның жетілуі және дүниеге келуімен және осы үдерістің мезгілдерін анықтап отыру үшін ойлап табылған. Және де ол 28 күндік Ай календары болған [18].

Өте бір кереметі, қазақта да бала көтеріп оны тууға байланысты өзінше әйелдер күнтізбесі болған. Бір айда отыз күн бар. Оның алғашқы үш күні "аспанда ай керінбейтін үш күн, оны «өлі күн» деп атайды да, бұл күндері екі жастың ақ тесекте кездесулеріне тыйым салынады. Бұл – халық есепшілерінің болжауына сүйенген дәстүр. Ал осындай әйел календарын жүргізетін аққол аналардың өзіндік есебі бойынша аяғы ауырлаған әйелдердің әрбір айы 27 күннен тұрады. Әрбір айдың, яғни осы әр 27 күннің басы оның етеккірі келген күнінен басталады. Бұл алғашқы айдың өзі үш тоғызға белінеді. Бірінші тоғызы – "етеккір тоғызы", екінші тоғызы – "арылу тоғызы", үшінші тоғызы – "кездесу тоғызы". Халықтық тәртіп бойынша "бірінші және екінші кезеңде кездессеңдер екеуің де ауруға ұшырайсыңдар" деп, олардың кездесуіне тыйым салынады. Халықтық түсінік бойынша, үшінші тоғыздың әр тақ күні неке төсегінде тән қосылса, олардан ұл туады, ал жұп күндері – қыз туады.

Ана тал бойына біткен баласын тоғыз ай, тоғыз күн көтереді. Жоғарыда атап керсеткеніміздей, әрқайсысы 27 күннен болатын тоғыз айда 243 күн бар. Аққол аналар бұған үшінші "кездесу тоғызын" қосып есептейді. Осыдан келіп тіліміздегі "тоғыз ай, тоғыз күн" тіркесі орныққан. Тәжірибелі ана жаңылмас үшін сол сәтті күннен бастап дорбаға 243 құмалақ салып алады да, осы құмалақтың күніне біреуін лақтырып отырады, осылайша жүкті әйелдің күні жақындаған сайын құмалақ саны да азая береді [19, 57 б.].

Қазақтарда Ай-әйел туралы түсінік соңғы уақытқа дейін сақталғандығы жөнінде бұрынғы зерттеушілер жазған [20; 1, 58 б.].

Жаңа Ай туылғанда қазақтар оған сәлем беріп, былай деген:

Ай көрдік, аман көрдік.

Ат басындай алтын көрдік.

Қой басындай күміс көрдік.

Жаңа ай - жарылқа!

Ескі ай - есірке!

Айға сәлем бергенде, сәлем беруші бір аяғын бүгіп үш мәрте белін иген, содан соң жаз айы болса, ол жерден бір уыс көк шөп жұлып алып отқа тастаған. Егер айға сәлем берген жерден үйі қашық болса, сәлем берген жерден бір тал шөп жұлып алып, құлағының артына қыстырған (АЖМ).

Қазақ ай толып, дөп-дөңгелек болып туғанда да сәлем береді. Айға қарап тілек айтып, бет сипайды. Онысы көңіл айдай жарық болсын, сөзім айдай толсын дегені [9, 66 б.].

Айға байланысты қазақтың наным-сенімі туралы Ш. Уәлиханов мынандай мәлімет береді: "Қырғыздар (қазақтар. - Ә.Т.) Айда кемпір отырады дейді (бұл айдың бетіндегі дақтардың адамның бетіне ұқсатуынан болар). Қырғыздар айға ұзақ қарамайды, сенім бойынша айдағы кемпір адамның кірпіктерін санап қойса, ол адам өледі деп есептеген. Дәрет сындырғанда адам бетін Айға қаратпайды. Жалпы Айға үлкен ғибадатпен қарайды» [1, 58 б.].

Қазақ аңызы бойынша, Ай мен Күн әдемі егіз болған екен, алайда, бірінің сұлулығын бірі қызғанып, ақырыбір-бірін жек көріп кетеді. Бірде Күн-ару Ай-арудың бетін тырнап алады, осыдан, оның бетінде дақтар қалып қояды [21, 230 б.]. Қазақ тілінде егіздердің бәсекелестік тақырыбы дуалистік мифтерде кең тараған болып табылады.

Сұлулықтың Ай мен Күндей қос белгісі қазақ өлеңдерінде былай бейнеленген:

Бір қыз бар Маралдыда Қорлы-қайың

Табиғат берген екен Күн мен Айын

Ахау Гулдерайым, Күн мен Айым.

Жаңа туған Айға қарап, қазақтар сол айдың ауа-райын болжаған. Егер айдың орағы тік орналасса немесе соған жақын жатса (яғни, тігінен туса) бұл қалпы айдың өзіне жайсыз, ал шаруаға жайлы деген. Ал ай шалқасынан жатып туса онда «өзіне жайлы, шаруаға жайсыз деп есептеген».

Қазақ кейбір ұзаққа созылған тері, ішкі құрылыс, психикалық ауру түрлерін жаңа ай туған кезде емдеген [22, 144 б.].

Қазақта Айға байланысты мынадай ырым-сенімдер бар:

Ай шалқайып туса, күн суытады. Ай еңкейіп туса, қыс - жылы, жаз - ыстық болады. Ай мүйізге ұқсап шаншылып туса, күн қыста желді, суық. Жазда аңызак желді болады. Ай дөңгеленіп туса, қыс аязды болады. Аспандағы бұлттар ақ шарбы болып баяу қалқыса, күн жақсы болады.

Айдың мүйізі үшкір болса, ауа-райы жақсы болады, ал мүйіздері шалқақ болса күн бұзылады [23, 75-76-бб.].

Қазақ баласы айға телміріп, ұзақ қарамайды, түнде жұлдыз санамайды. Айда бір кемпір бар, айға телміріп қарасаң, әлгі кемпір сенің кірпігіңді санайды, кірпігі саналған адам қазаға ұшырайды деп жориды [9, 43 б.].

Бұл адамдардың күнәсінің көптігінен аспанды билегісі келген Ібілістің ісі, сондықтан ерте кездегі қазақтар Ібіліс айды қолымен ұстап жібермей тұр деген түсінікпен қатты дауыс көтеріп шулап, темірден жасалған заттарды бір-біріне қатты соғып, әртүрлі әрекеттер жасаған.

Халық ұғымында жаңа ай туғанда қолға алған іс жақсылық нәтиже береді. Сондықтан айға бата жасап: "Жаңа ай өлгендердің күнәсін кешір, тірілердің тілегін орындап, қуанышына атып, бақытқа кенелт" деп, ауруы бар адамдар өзін аурудан қайғы-мұңнан алыстауын сұрайтын болған. Халық сенімінде қолына сүйел шыға беретін адам жаңа ай туғанда "ай-ау, сүйелімді ал да, қолымды бер" деп тілек тілесе сол тілегі орындалады.

Қазақтың қариялары жаңа ай туғанда соған қарап тағзым етіп, алақанын жайып: "ай көрдік, аман көрдік, баяғыдай заман көрдік. Амандықпен осынша жасқа келдік. Ескі айда есіркелдің! Жаңа айда жарылқа! — деп бетін сипап, тілек етеді. Үлкендер: "Көкте тәңір, жерде әулие бар", — деп балалардың аяғын аспанға көтертпеген [23, 79-80 бб.].

- Жаңа туған айды алғаш көргенде тізерлеп отырып, үш рет еңкейіп мінәжәт етеді де, сол тізе бүккен жерінің шөбін жұлып, отқа тастайды. Бұл — әулетім оттай қаулап өсе берсін дегені [9, 52-б.].

Ерте кездегі түркілер, жаңа ай туғанда дені сау адамдардың бетіне қарап, бала-шағам аман болсын деп құран оқып, жақсы адамдармен әңгімелесіп, солардың қасиетін қабылдауға тырысқан. Және айға тесіліп қарауға рұқсат етпеген. Қарағанда көз алдына пышақ, алмас секілді өткір заттарды ұстаған.

Халық ұғымында айдың тұтылуы алланың ісі, осы кезде ол қолымен айдың бетін жабады. Сондықтан айдың тұтылуы тоқтағанша Құран сүрелерін оқып отыру керек.

Халықтың тағы бір сенімінде айдың бетіне пайғамбардың сәулесі түскен. Құрандағы күнге де, айға да табынбай, Аллаға бағынуды талап ететіні сондықтан болса керек.

Халық ұғымында айдың тұтылуы жердегі адамдардың көбейген күнәсі үшін, Алланың қолданған жазасы. Сондықтан құран оқып айдан кешірім сұрау керек. Сондай-ақ, бұл адамдардың күнәсінің көптігінен аспанды билегісі келген Ібілістің ісі, сондықтан ерте кездегі қазақтар Ібіліс айды қолымен ұстап жібермей тұр деген түсінікпен қатты дауыс көтеріп шулап, темір заттарды бір-біріне қатты соғып, Ібілісті қорқытып, айды қыспақтан босатып аламыз деп әртүрлі әрекеттер жасаған [23, 79-80 бб.].

Қазақ Күн тұтылса – мұсылманға, Ай тұтылса – кәпірге көрінеді, патшалары өледі деп жориды [9, 27 б.].

Қазақ Айға, Күнге қарап тұрып түзге отырмайды. Ал құбыла жаққа, күнбатысқа қарап тұрып бұлай істеуге тіпті де болмайды. Бұлай істеу әрі күнә, әрі рух шамданып, ұшынады, ауру иелеп, қуығы тұтылады, жіңішке ауруға тап болады, ауызы қисаяды деп ырымдайды [9, 22 б.].

Қазақта Ай сәулесін бетіңе түсіртпе, Ай толғанда желі тартпа, Ай толғанда жолға шықпа, Ай толғанда көшпе, Ай толғанда қыз ұзатпа, Ай толғанда үй тікпе, Жаңа ай туғанда қойға қошқар жіберме деген де тиымдар бар [17, 261 б.].

Қазақ: «Ай құлақтанса - аяғыңды сайла, күн құлақтанса – күрегіңді сайла» дейді. Оны – Ай қораланса күн жылы болады, Ай шалқасынан туса – қатты аяз болады. Ай қырынан туса – күн жылы болады деп жориды.

Қазақ баласы Айға телміріп қарамайды, түнде жұлдыз санамайды. Айда бір кемпір бар, Айға телміріп қарасаң, әлгі кемпір сенің кірпігіңді санайды, кірпігі саналған адам қазаға ұшырайды деп жориды.

Қазақ өрттің алдына ақ құяды. Онысы оттың тәңіриесінне жалынып-жалбарынғаны, сонда өрт тез өшеді деген.

Жаңа туған Айды алғаш көргенде тізерлеп отырып, үш рет еңкейіп мінажат етеді де, сол тізе бүккен жерінің шөбін жұлып отқа тастайды. Бұл әулетім оттай қаулап өсе берсін дегені.

Аспандағы жұлдыз әрбір адамның жанының бейнесі саналады. Бір жұлдыз ағып түссе – бір жан үзілді деп нанады.

Жұлдыздар қазақ дүниетанымы мен сенімдерінде

XIX ғасырдың ортасындағы орыс саяхатшысы Матвей Ястребов былай деп жазған еді: «Ең алғашқы астрономдар көшпелі халықтар болғаны даусыз. Кең далада мал бағып өмір сүру олардың аспан денелерінің қозғалысына үнемі бақылау жасауға мүмкіндік тудырды және де сол аспан денелерінің адамның денсаулығына, рухани жай-күйіне әсер ететіндігі жөнінде өзінше жорамалдар жасауды тудырды» [24, 306 б.].

Шоқан былай деп жазған: «Кейбір қазақтардың ойынша, жұлдыздар асыл тастардан үйілген таулар, олар жерден соншалықты қашықтықта, нүктедей болып қана көрінеді. Қазақтар жұлдыздардың жер бетіндегі бақытқа әсер ететініне сенеді, халық арасында көк күмбез жайлы әңгімелер де баршылық. Енді біреулердің пікірінше, әрбір жұлдыз жердегі әрбір адамның жанымен сәйкестік тұтастықта, адам өлгенде оның аспандағы жұлдызы да жерге ағып түседі. Аспаннан ағып түскен жұлдызды көрген қазақтар менің жұлдызым жоғары дейді. Болып-толған бақытты адамды «жұлдызы жанған деседі» [1, 56-57 бб; 25, 209 б.]. Осыған ұқсас түсінік Кавказ елдерінде де болған [26, 137- 138 бб.].

Өмірде жолы болған адамдар туралы қазақтар "Жұлдызы жоғары", "Жұлдызы жарық адам" деген (Автордың жинаған материалдары – бұдан әрі - АЖМ).

Қазақтардың тағы бір көне діни түсінігі бойынша «жұлдыздар Алла тағаланың аспанда жаратқан тастары, жындар аспанға көтерілгенде періштелер осы тастармен оларды қуалап ұрады» [13, 84 б.].

С.Е. Маловтың сөзідігі бойынша, ежелгі түріктер ғаламшарды «нысан» деп атаған. М.Ә. Әуезовтың «Еңлік-Кебек» трагедиясындағы Нысан-абыз ұлы әулие, жұлдызнамашы, дүние сырының білгірі болса керек [27, 212 б.].

Көне қазақтар аспандағы Күн мен Айдан басқа бес үлкен планета-жұлдыздарды жақсы білген. Олар Есекқырған, (латынша - Юпитер, арабша - Мүштәри), Кіші Шолпан (латынша – Меркурий, арабша- Үтәрид (Ғытард), Шолпан (қосымша аттары Керуен жұлдызы, Өмірзая, Тұлқатын, латынша Венера, арабша -Зохра), Қоңырқай жұлдыз (латынша – Сатурн, арабша - Зухаль), Қызыл жұлдыз (латынша – Марс, арабша -Миррих). С.Г.Кляшторныйдің пайымдауынша осы жеті аспан денелері жөнінде түріктер ең бері болса түрік қағандықтары кезінен бері біледі [28, 32 б.].

Көне дүние халықтарында Күн мен айдан кейін ең бір қасиетті саналған жұлдыз Шолпан жұлдызы еді. Оны шумерліктер сегіз тармақпен белгілеп, дингир – құдай деп есептеген [29, 201-202 бб.].

Ш. Уәлиханов бойынша: «Жетіқарақшы (Большая Медведица), қазақ арасындағы аңыз бойынша: бұл жұлдыз жеті қарақшының рухы, олар өлгеннен соң жеті жұлдызға айналған, тағы бір аңызда: жеті қарақшы күні бойы ұрлық жасайды да, түн бола өздерінің күндізгі жасаған күнәларына қайғырады. Жеті қарақшы өлгеннен кейін жеті жұлдыз болып кетіпті. Жеті ұрының тұтқынында Үркердің қызы бар» [1, 180 б.].

Қазақ космогониясы мен күнтізбенің білгірі М.У.Искаков «қарақшы» сөзінің ежелде «күзетші», «қарауылшы» деген мағынаны білдірген, оларды «Жеті кәміл піріміз» деп есептеген», - дейді [27, 204-205 бб.].

Қазақтардың күнтізбелік танымында Үркер жұлдызы маңызды орынды алған. Ол бойынша, жыл мезгілдерінің ауысуын анықтап, күнтізбе жасап отырған. Г.Н. Потаниннің қазақтардың арасынан жазып алған аңызы бойынша, «... бұрынырақта Үркер он екі жұлдыздан тұрған, сол себепті, ол кезде көктем, жаз мезгілі болмаған, мәңгі қыс ғана болатын*. Жануарлар қалай болғанда да Үркерді тауып, оны жоюды ойлаған. Жылқы қуып жүріп Үркердің төрт жұлдызын ұстайды да, таптап тастайды, түйе, екеуін тарпиды, ал алтауы сиырдың тұяғымен жаншылады. Алайда, сиыр тұяғының айыр болғандығынан және сиырдың ұқыпсыздығынан алты жұлдыз аман қалады, сондықтан, ендігі жерде қыс алты айға созылатын болған. Бұған ашуланған жануарлар сиырдан жұлдыздарды неге аман жібергенін сұрағанда, сиыр: «Ыстықта пысынап жүргенше, суықта сықырлап жүрген жақсы», - депті. Сондықтан да, сиыр суықтан қорықпаса керек» [30, 124-125 бб.].

Қазақтың басқа аңызы бойынша, жеті қарақшының бірі Үркердің қызын ұрлап кетеді (АЖМ). Үркердің Жетіқарақшыны үнемі өкшелеп жүретінін қазақтар жақсы байқаған. Жетіқарақшының топ басшысы Қыранқарақшы Үркердің қызы Үлпілдекті мінгестіріп алып, үнемі қашып жүретін және ол қызын құтқармақ болып, қуып жүреді. Қазақтар Үркерге қарап түннің қай уақыты екенін және жыл мезгілін анықтайды [1, 57 б.].

Г.Н. Потанин материалдары бойынша, қазақта мынадай түсінік бар: Үркер жерге түскен соң, қырық күн жерде жатады. Үркердің жерге түсуімен байланысты, мамыр айының соңында, маусым айларында жерге көк шығып, жер беті көкке оранады. Жерге түскен Үркер көк шөпті жер бетіне «қуып» шығарады. Үркер жерде неғұрлым ұзақ жатса, соғұрлым жер шөпті болады, мал тойынады [30, 124 б.].

Барлық түркі тілдерінде «Үркер» атауы үндес айтылады. С.Е.Маловтың пікірінше, «үркер» - «мал табыны» дегенді білдіреді. Х.Абишевтің түсіндіруінше, түні бойы жылқы бағатын

жылқышылар, мал күзететін малшылар бөлектеу шоқталып тұрған бір топ жұлдызды үріккен жылқыға ұқсатып «үркер» деп атаған шығар, дейді [21, 284 б.].

Қазақтарда Үркерге байланысты ырымдар мен ауа райын дәл топшылаулар өте көп. Ол бойынша: "Үркерлі айдың бәрі қыс" "Үркер жерге түспей жер қызбайды"; "Үркер жерге түсерде қой қырқылады"; "Үркер туса сорпа ас болады"; "Үркер көтерілгенде шөп те көтеріледі, бидай бас тартады" (АЖМ және т.б.) [27, 206 б.]. Қазақтар: егер «Үркер суға түссе (яғни, көл не өзен бар жерге түссе) қыс қатты болады, егер құрғақ жерге түссе, қыс жайлы болады...» деген. Сондай-ақ, Үркер жерден көтеріле бастағанда жауын-шашын болады, жел тұрады; егер жауын-шашын мол болса, жыл жақсы болып, мал өседі, егер аз болса- құрғақшылық болып, жем-шөптің аз болады деп сенген [30, 124 б.].

Ұзақ жолға шығардың, көшердің алдында қазақтар жұлдыздардың тууына мән берген. Жаңа жұлдыз туып келе жатқанда жолға шығуға болмайды деп есептеген. Әйтпегенде, жұлдыздар: "Білмегенге білдіремін, біле тұра білмегендей болып көшсе, бүлдіремін" дейді екен. Біздің ел ішінен жинаған материалдарымыз бойынша, жұлдыздар сапарға шығуға «жайсыз» орналасқан жағдайда, ырымшыл қазақтар тиісті бағытқа қарай қырық қадам жүріп, қайта оралған (АЖМ). Бұл астрологиялық нанымдар қазақтардың батырлар эпостарынан да көрініс тапқан. Мысалы, «Қамбар батырда»:

Қара қасқа тұлпарға.

Жұлдыздың мініп оңынан,

Сәтті күні шығайын.

«Қобыланды батыр» жырында мынандай жолдар кездеседі:

"Найзасы аумай қолынан.

Жұлдызы туып оңынан.

Кобыланды сонда шу деді".

Қазақта кейбір жұлдыздардың атауы тұрмыстық, шаруашылық және қоғамдық ұғымдар атуымен байланысты. Мысалы, «Темір қазық», "Жеті қарақшы" (Үлкен Аю), "Құс жолы" "Шолпан", "Зухра". Көріп отырғанымыздай, әлемнің мифологиялық, космологиялық бейнесін жасауда адам баласы қоғамындағы бар үлгілер пайдаланылады [31, 49 б.].

Кассиопеяның бес жұлдызын қарақұртқа ұқсайтындықтан «қарақұрт» деп атаған. Адамды қарақұрт шақса, науқасты сол жұлдызға қаратып, былай деген:

Қарақұрт, қарақұрт уыңды ал!

Мына бейшараға көзің сал.

Малы жанының садағасы.

Осы өлімнен алып қал.

Күйту, күйту, күйту (АЖМ).

Қазақта ауа-райы, табиғат құбылыстарына қатысты көптеген ырымдар болған. Олардың кейбірі халықтың метеорологиялық тәжірибе, біліміне негізделсе, енді біреулері таза соқыр сенімге негізделген. Мысалы, "Ай қораланса арбаңды сайла, күн қораланса күрегінді сайла"; "Кешкі Күн құлақтанса, қатының ұл тапқандай сүйін. Ертеңгі күн құлақтанса, елінді жау шапқандай күйін"; "Жұлдыз шақшып тұр екен, ертең аяз болады"; "Жұлдыз жыпылықтап кетіпті боран болады" деген жорамалдар (АЖМ); [32, 218-б.; 33, 338, 455 б.].

Кұйрықты жұлдыздың пайда болуын қазақ келе жатқан бір апатқа, ауа-райының кеселінен малдың қырылуына жорыған [21, 232 б.]. Қазақтың соқыр сенімге негізделген танымы бойынша құйрықты жұлдыз – қысқа ғұмырдың белгісі. Сүйікті ұлы Әбдірахман қайтыс болғанда ұлы Абай былай деген:

Кұйрықты жұлдыз секілді,

Туды да көп тұрмады...

Қазақтың халықтық наным бойынша, Құс жолы – құстардың ұшу жолын көрсететін бағыттаушы, сондықтан оның аты солай қойылған. [1, 180 б.]. Зерттеуші С.Қондыбай қазақ мифологиясында дария, өзенмен шендестіру бар екенін айтады [34, 176-177 бб.].

Қазақтар жұлдыздардың тазалаушы, аластаушы қасиетіне сенген. Сондықтан болар, өліктің үстіне жапқан киізді, кілемді, көрпені "Жұлдыз көрсін, жел қақсын" деп, түнге ашық аспан астына қалдырады.

Қазақта жұлдызға байланысты мынадай сенімдер бар:

Егер жұлдыздар айқын жарық шашса – қатты жел, болмаса жаңбыр болады. Жұлдыз сирек көрінсе, ертеңінде ауа-райы бұзылады. Ал жұлдыздар жиі туса, жазда ыстық, қыста – д аязды болады [23, 75 б.].

Халық ұғымында аспандағы жұлдыздар адамдардың бір сыңары, бір жұлдызы ағып түссе, біреуі өледі, бір жұлдыз туса, бір нәресте өмірге келеді.

Жас жұбайлар үйленіп, той жасап жатқан күні, аспандағы жұлдыздар тығыз, тым көп болса, олар өте тату тұрады және балалары да көп болады деген ұғым қалыптасқан.

Халық ұғымында аспандағы жұлдыздарды санауға болмайды. Онда қолға сүйел шығады, болмаса ауру болып кетеді [23, 80 б.].

Аспандағы жұлдыз әрбір адам жанының бейнесі саналады. Бір жұлдыз ағып түссе – бір жан үзілді деп нанады [9, 52 б.].

Бейтаныс екі кісі жол үстінде кездесіп, бірімен-бірі тез шүйіркелесіп кетсе, жұлдыздары жарасқан деп саналады. Біріне-бірі жұғыса алмай, мәміледе болса, жұлдызы қарсы тұр деп ұйғарылады [9, 58 б.].

Жайлау үстінде далаға қазан асқанда түбіндегі судан жұлдыздар шоғыры көрінсе – мал өседі, төл көбейеді, байлық артып, дәулет шалқып, рахат өмір сүреміз деп ырымдайды. Отқа май құйып қоздандырып, ақ тілеу тілейді [9, 22 б.].

Қазақтың көне түсінігі бойынша, тірі және өлі табиғатта мәңгілік ештеңе жоқ. Өмірдің өзі туу мен өлімнен тұратын мәңгілік айналымды білдіреді.

Мысалы, табиғаттың «өлімі» туралы қазақ былай деген:

Ай менен күннің, өлгені.

Қызарып барып батқаны.

Қара жердің өлгені

Бетін ақ қар жапқаны.

Ағын судың өлгені

Бетінде мұз жатқаны

Қара таудың өлгені

Төбесін бұлт шалғаны (АЖМ).

"Батар күннің атар таңы бар" деген нақыл сөз табиғат пен қоғамдағы ылғи да айналып келіп отыратын өзгерістер сипаттайтын натуралистік дүниетанымнан туындаған. Қазақ күннің шыққан және батқан кездерінде басқа жұмыстың бәрін сырып қойып, тек тілек тілеген. Өйткені осы мезгілдердегі тлек аса қабыл болады деп есептеген (АЖМ).

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Валиханов Ч.Ч. Следы шаманства у киргизов.// Собрание сочинений в пяти томах. 4-том. – Алма-Ата: Главная редакция советской энциклопедии, 1985. - 461 б.
2. Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. - Алма-Ата: Наука, 1966. - 435 б.
3. Акишев К.А., Кушаев Г.А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или. - Алма-Ата: Наука, 1963. - 300 б.

4. Акишев К., Байпаков К.М. Вопросы археологии Казахстана. - Алма-Ата, 1979.
5. Толеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов. - Алма-Ата: Ғылым, 1991. - 214 б.
6. Акишев А.К. Искусство и мифология саков. - Алма-Ата: Наука, 1984. - 176 б.
7. Толеубаев А.Т. Из опыта научной реконструкции костюма сакского «золотого человека из Шиликты» // Материалы международной научно-практической конференции III Оразбаевские чтения. - Алма-Ата: «Қазақ университеті». 2011.
8. Рашид-ад-Дин Ф. Огуз наме. Пер с персид., предис., коммент., прим. и указ. Р.М.Шукюровой. - Баку, 1987.
9. Қайырбайұлы А., Бопайұлы Б. Қазақ ырымдары. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1998. - 159 б.
10. Путешествие в восточные страны Плано Карпини и Рубрука. - Алма-Ата: «Ғылым», 1993.
11. Безертинов Р.Н. Тенгрианство – религия тюрков и монголов. - Казань, 2004.
12. Ертегілер. 2-том // Қазақ халық әдебиеті. Көп томдық. - Алматы: «Жазушы», 1988.
13. Диваев А. Небесные планеты по воззрениям киргизов/ Ежегодник Туркестанского народного университета, 1818. №3. 84-86-бб.
14. Диваев А.А. Легенды о происхождении албасты, джинна и дива // ИОАЭ при Казан.ун-те. 1897. Т.14, вып.2.
15. Фрээр Дж. Золотая ветвь. 1990.
16. Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер (салыстырмалы этнолингвистикалық зерделеу). - Алматы: Ғылым, 1995.
17. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. - Алматы: Санат, 1997. - 458-б.
18. Фролов Б.А. Числа в графике палеолита. - Новосибирск, 1974.
19. Күйеу келтір, қыз ұзат, тойынды қыл. Құрастырушылар: Б.Әлімқұлов, Е.Әбдраманов. - Алматы, «Санат». 1994. - 240 б.
20. Потанин Г.Н. Вопросы по изучению поверий, сказаний, суеверных обычаев и обрядов у киргизов и сибирских татар // КСГ, 1894. № 29, 30, 31. - 3-б.
21. Әбішұлы Х. Халық астрономиясы. - Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1959. - 220 б.
22. Құдайбергенова А. Сырдарияның төменгі ағысындағы қазақтардың әдет-ғұрпы мен салт дәстүрлер ерекшеліктері // Обычаи и обряды казахов в прошлом и настоящем. Ғылыми баспа орталығы, 2001. - 143-157,- 426-бб.
23. Қанарбаева Б. Қазақтың наным-сенімдері. - Алматы: «Қағанат», 1999. - 120-б.
24. Ястребов М. Киргизские шаманы // Москвитянин, 1851. - №8. 2-кітап.
25. Валиханов Ч.Ч. Тенгри (Бог) // Собрание сочинений в пяти томах. Т.1. - Алма-Ата, 1984.
26. Религиозные верования народов СССР. - М., 1951. Т.2.
27. Искаков М.У. Народный календарь. - Алма-Ата, 1980. - 212 б.
28. Кляшторный С.Г. Представление о времени и пространстве в древнетюркских памятниках // Древнетюркская цивилизация: памятники письменности. - Алма-Ата, 2001.
29. Сулейменов О. О происхождении древнетюркских языков и письменностей. - Алматы, 2002.
30. Потанин Г.Н. Очерки Северо-Западной Монголии. СПб., 1881. Вып. 2.
31. Ахундов М.Д. Концепции пространства и времени: истоки, эволюция, перспективы. - М.: Наука, 1982. - 222 б.
32. Қазақ халқының мақал-мәтелдері. - Алматы: «Жазушы», 1980. -352 б.
33. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 6-том. - Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1982.
34. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Екінші кітап. - Алматы, 2004.

References

1. Valihanov Sh.Sh. Sledi shamanstva u kirgizov // Sbranie soshineniy v piyat tomah. 4-tom. – Alma-Ata: Glavnaya redakciya sovetckoiensiklopediya sovetckoi ensiklopediy, 1985. - 461 b.
2. Margulan A.H., Akishev K.A., Kadirbaev M.K., Orazbaev A.M. Direvnaiya kultura Centralnogo Kazakhstana. - Alma-Ata: Nauka, 1966. - 435 b.
3. Akishev K.A., Kushaev G.A. Drevniyaya kultura sakov I usuney dolini reki Ili. – Alma-Ata: Nauka, 1963. - 300 b.
4. Akishev K., Baipakov K.M. Voprosi arheologiy Kazakhstana. – Alma-Ata, 1979.
5. Toleubaev A.T. Relikti doislamskih verovaniy v semeynoy obriyadnosty kazahov. – Alma-ata: Gilim, 1991. - 214 b.
6. Akishev K.A. Iskustva I mifologiya sakov. – Alma-Ata: Nauka, 1984. - 176 b.
7. Toleubaev A.T. Iz opita naushnoy rekonstruksiy kostiuma saksckogo «zolitogo sheloveka iz Shilikti» // Materiali mejdunarodnoi naushno-praktishesckoi konferensiy III Orazbaevskie shteniya. – Alma-Ata: «Khazakhuniversiteti». 2011.
8. Rashid-ad-Din F.Oguz name. Per c persid, predis., komment., prim. i ukaz. R.M.Shukiurovoi. - Baku, 1987.

9. Khayrbayuli A., Bopayuli B. Khazakh irimdari. - Almaty: «Khazakh ensiklopediyasi», 1998. - 159 b.
10. Puteshestvie v vostochnie strani Plano Karpini I Rubruka. – Alma-Ata: «Gilim», 1993.
11. Bezertinov R.N. Tengiryanstvo – religiya tiurkov I mongolov. - Kazan, 2004.
12. Ertegiler. 2-tom.// Khazakh halikh adebiyeti. Kop tom dik. - Almaty: «Zhazushi», 1988.
13. Dibaev A. Nebesnie planeti po vozzreniyam kirgizov/ Ezhenedelnik Turkestanskogo narodnogo universiteta, 1818. - №3. 84-86-bb.
14. Divaev A.A. Legendi o proishojdeniy albasti djinna I diva// IOAE pri Kazan.un-te. 1897. T.14, vip.2.
15. Frezer Dj. Zolotaiya vetv. 1990.
16. Ahmetov A. Turki tilderindegi tabu men evfemizmder (salistirmali etnologistikalik zerdeleu). - Almaty: Gilim, 1995.
17. Seydimbek A. Khazakh alemi. Etnomadani paymdau. - Almaty: Sanat, 1997. - 458-b.
18. Frolov B.A. Shisla v grafike paleolita. - Novosibirsk, 1974.
19. Kuyeu keltir, hiz uzat, toyindi hil. Khurastirushilar: B. Alimhulov, E. Abdiramanov. - Almaty, «Sanat». 1994. - 240 b.
20. Potanin G.N. Voprosi po izusheniyu poveriy, skazaniy, suvernih obishaev I obriyadov u kirgizov I sibirskih tatar.// KSG, 1894. № 29, 30, 31. - 3-b.
21. Abishuli H. Halih astronomiyasi. - Almaty: Khazakh memleket baspasi, 1959. - 220 b.
22. Khudaibergenova A. Sirdariyaning tomengi agisindagi khazakhtarding adet-gurpi men salt dasturler erekshelikleri.// Obishay I obriyadi kazakhov v proshlom I nastoiyashem. Gilimi baspa ortaligi, 2001. - 143-157,- 426-bb.
23. Khanarbaeva B. Khazakhting nanim-senimderi. - Almaty: «Haganat», 1999. - 120-b.
24. Iyastrebov M. Kirgizskie shamani.// Moskvitiyanin, 1851. №8. 2-kitap.
25. Valihanov Sh.Sh. Tenkri (Bog).// Sobranie soshineniy v piyati tomah. T.1. – Alma-Ata, 1984.
26. Religioznie verovaniya narodov CCCR. - M.,1951. T.2.
27. Iskakov M.U. Narodniy kalendar. – Alma-Ata, 1980. - 212 b.
28. Kliyastorniy S.G. Peredstavlenie o vremeni I prostranstve v drevnetiurkskih pamiyatnikah.// Drevnetiurkskaya civilizatsiya: pamiyatniki pismennosti. – Alma-Ata, 2001.
29. Suleymenov O.O. Proishojdeniy drevnetiurkskih iazikov I pismennostei. - Almaty, 2002.
30. Potanin G.N. Osherki Severo-Zapadnoi Mongolii. SPb., 1881. Vip. 2.
31. Ahundov M.D. Konsepsiy prostranstva I vremeni: istoki, evoliusiya, perspektivi. - M.: Nauka, 1982. - 222 b.
32. Khazakh halihining mahal-matelder. – Almaty: «Zhazushi», 1980. -352 b.
33. Khazakh tilining tusindirme sozdigi. 6-tom. - Almaty: KhazkahCCR-ning «Gilim» baspasi, 1982.
34. Hondibay S. Argikhazakh mifologiyasi. Ekinshi kitap. - Almaty, 2004.

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

**ТЫҢ АРДАГЕРІ КӘМШАТ ДӨНЕНБАЕВА ТУРАЛЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ ҚОРЫНДАҒЫ КЕЙБІР ДЕРЕКТЕР**

Хамитова М.А.

ҚР МОМ, Қазақстан тарихын зерттеу орталығы (Алматы қ., Қазақстан) тарих ғылымдарының кандидаты

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі қорынан алынған материалдар негізінде еліміздің дамуына ерен еңбегімен ерекше үлес қосқан, даңқты механизатор, тың ардагері, Социалистік Еңбек Ері Кәмшат Дөненбаеваның азаматтық бейнесі көрсетіледі.

Түйін сөздер: Музей қоры, К. Дөненбаева, механизатор, Социалистік Еңбек Ері, ел дамуы, тың ардагері, абыройлы еңбек, өнеге.

**НЕКОТОРЫЕ МАТЕРИАЛЫ О ВЕТЕРАНЕ ЦЕЛИНЫ КАМШАТ ДОНЕНБАЕВОЙ ИЗ
ФОНДОВ ЦЕНТРАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО МУЗЕЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН**

Хамитова М.А.

Центр изучения истории Казахстана ЦГМ РК (г. Алматы, Казахстан) кандидат исторических наук

Аннотация. В статье на основе материалов из фондов ЦГМ РК рассматривается портрет легендарной трактористки, вложившей много труда в развитие страны, ветерана целины, Героя Социалистического труда Камшат Доненбаевой.

Ключевые слова: Музейный фонд, К.Доненбаева, механизатор, Герой Социалистического труда, развитие страны, ветеран целины, плодотворный труд, пример.

**SOME MATERIALS ABOUT THE VETERAN OF THE VIRGIN LANDS DEVELOPMENT
KAMSHAT DONENBAYEVA FROM THE FUNDS OF THE CENTRAL STATE MUSEUM OF
THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

Khamitova M.A.

Center for Studying the History of Kazakhstan (Almaty, Kazakhstan) Candidate of Historical Sciences

Abstract. The article considered the legendary tractor driver, who contributed a lot in the development of the country, the veteran of the Virgin Lands development, the Hero of Socialist Labor Kamshat Donenbayeva (based on the materials from the funds of the Central Museum of the Republic of Kazakhstan).

Keywords: Museum fund, K. Donenbayeva, machine operator, Hero of Socialist Labor, development of the country, veteran of the Virgin Lands development, fruitful work, example.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев рухани жаңғыру арқылы болашаққа деген өзінің терең, жан-жақты көзқарасын білдірген «Болашаққа бағдар; рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «қыруар істі атқарған, ел дамуына зор үлес қосқан азаматтардың өздері мен олардың табысқа жету тарихы әдетте құрғақ фактілер мен цифрлардың тасасында қалып қояды. Шын мәнінде, Қазақстанның әрбір жетістігінің артында алуан түрлі тағдырлар тұр... Біз «Жанында жүр жақсы адам» деген сөздің байыбына бара бермейміз. Шын мәнінде, Тәуелсіздік дәуірінде өзінің еңбегімен, білімімен, өнерімен озып шыққан қаншама замандастарымыз бар. Олардың жүріп өткен жолдары – кез келген статистикадан артық көрсеткіш»-деп көрсетті [1].

Осындай жастарға үлгі болып жанымызда жүрген жақсы адамдарымыздың бірі-биыл 80-жасқа толғалы отырған Социалистік Еңбек Ері атанған санаулы қазақ қызының бірі Кәмшат Байғазықызы Дөненбаева. Жастайынан қиындық көріп, анасы науқас болғандықтан өмірдің ащысы мен тұщысын бір кісідей сезінген, барлық табыстарына өзінің адал еңбек, маңдай терімен жеткен, Кәмшат анамыз: «Қай заманда да, қай ғасырда да қоғамның дамуына дене еңбегі мен ақыл-ой еңбегі адамдарының үлесі бірдей қажет екені белгілі. Адам қандай жұмыс түрін атқарса да оның төккен тері, сіңірген еңбегі өз Отанын өркендетуге, өз басын, отбасын асырауға, жақын-жуықтарына көмек-демеу жасауға арналатындығы анық» дейді [2]. Сондай-ақ «Балаларды қаршадайынан отансүйгіш, денсаулығы мықты, жан-жақты, мемлекеттік тілді білетін азамат ретінде қалыптастыра білу керек» деген пікірді ұстанады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі қорында 53 сақтау бірлігін құрайтын Кәмшат Дөненбаеваның жеке кешені сақтаулы. Атап айтсақ: Камшаттың әкелі-балалы және ағайынды механизаторлар Косолаповтар династиясымен егіс даласында түскен суреттері (КП 16705/11); К.Дөненбаева мен Т.Терещенколарға 400 гектар жерді жыртуда жеткен көрсеткіштері үшін вымпел тапсыру сәті (КП 16283/3); Социалистік Еңбек Ері К.Дөненбаеваның Алматы қаласының № 2 мектеп-интернаты оқушыларымен (КП 18999/13), «Харьковский» совхозының оқушыларымен (ФКП 13618/29), Мәскеу қаласы оқушыларымен «Көгілдір от» телебағдарламасында кездесуі (ФКП 13654/5); Еңбек коллективімен (ФКП 13654/10), (КП 18999/15), (ФКП 13654/17), тракторист құрбыларымен (ФКП 13654/11); Түрлі республикалық, Мәскеу қаласында өткен Одақтық конференциялар мен слеттар кезінде түскен (ФКП 13654/2), (ФКП 13654/18), (ФКП 13622/4), (КП 13654/13), (ФКП 13574/14); Ауыл тұрғындарымен детутат ретінде кездесу сәттері (ФКП 13618/28); Ленинградтың Киров заводы жұмысшылары сыйға тартқан К-700 (13654/8), К-701 (КППМ 2547) тракторларымен жер жырту (ФКП 13386), қар тоқтату (ФКП 13654/9) кездерінде түсірген; Үй-жайы (КП 16283/8), отбасымен бірге (ФКП 13654/19), (ФКП 13654/3), фотопортреті (ФКП 13618/27) тағы басқа көптеген фотоқұжаттар мен қатар, Грамотасы (КП 14055/1); Социалистік Еңбек Ері атағын алуына байланысты түрлі Үкімет тарапынан жіберілген құттықтау телеграммалары (КП 14055/6), (КП 14055/7), әсіресе, Қазақстан Орталық ПК бірінші хатшысы Д.Қонаевтың қолы қойылған құттықтау телеграммасы (КП 14055/3); Съездерге (КП 14055/4), Республика аралық жарыстарға (КП 14055/8) шақыру-телеграммалары; К.Дөненбаеваның № 4382 депутаттық мандаты (КП 14055/2); 1967 -1972 жылдардағы Есеп кітапшалары (КППМ 2177/1-10) секілді құжаттарды зерделеп, қосымша деректермен таныса отырып, жастық жігерін еңбек майданына арнаған Кәмшат Дөненбаеваның өмірінен мәлімет аламыз [3].

Кәмшаттың әкесі Байғазы Таспаев – Мәскеу қаласында оқып жоғары білім алған заңгер маман болған. Ұлы Отан соғысына қатысып, Мәскеуді қорғауда ауыр жараланады. Госпитальда емделгеннен кейін оны Қостанайға жібереді сол жақтан Демьяновка аудандық прокуроры болып тағайындалады. Осы Демьянов ауданында 1937 жылдың қыркүйек айының 15 жұлдызында Кәмшат дүниеге келеді. Кәмшат жастайынан алғыр, әдепті де ақылды болып, жастайынан

қоғамдық жұмыстарға араласып, комсомол ұйымының белсенді мүшесі болды. 1959 жылы әскери міндетін өтеп келіп, көрші «Каменск-Уральск» совхозының комсомол ұйымының хатшысы болып жұмыс жасап жүрген Темірбек есімді жігіттің ақкөңілділігі, адамгершілігі, жомарттығы, бір сөзділігі Кәмшатқа ұнаған екен. Екеуі де бір-бірін қатты ұнатады. Болашақ жары Кәмшаттың анасына да өте ұнаған болуы керек, «көзім тірі кезінде сенің шаңырақ көтергеніңді көрейін, Егер Темірбекті шын сүйсең, көп ойланба. Меніңше, ол сені бақытты етіп, алақанына салып өтеді» деп, анасы қызына ризашылығын білдіреді [4].

Сөйтіп, 1960 жылы 17 жастағы көркем бойжеткен Кәмшат тепсе темір үзетін, ақылына сымбаты сай 23 жастағы жігіттің сұлтаны Темірбекке тұрмысқа шығып, Меңдіқара ауданындағы Ақсуат ауылына келін болып түседі. Жан-жары екеуі төрт бала тәрбиелеп өсіріп, тату-тәтті ғұмыр кешті. Өзінің жан-дүниесін терең түсініп, үнемі қамқорлық жасап, бүгінгі күнгі дәрежеге жеткізген жан-жары Темірбектің алдында қарыздармын деп, Кәмшат отағасын өмірі бойы пір тұтты. Музей қорында Социалистік Еңбек Ері, СОКП XXV съезінің делегаты, IX сайланған КСРО Жоғары Кеңесінің депутаты К.Дөненбаеваның 1977 жылы отбасымен бірге түскен суреті сақталған (ФКП 13654/19). қыздары Гүлжан, Гүлшат, ұлдары Асқар және Сырым Кәмшат және жолдасы Темірбек Дөненбаев. 1977 ж. [3]. Бүгінгі күні балалары ел-жұртқа танымал, беделді, абыройлы азаматтар, облыстағы білікті мамандар. Төрт баладан он екі немере сүйіп отыр.

Еңбек жолын Ұзынкөл элеваторында жұмыс істеуден бастаған Кәмшат 1961 жылдан Қостанай облысы, Боровский ауданы «Харьковский» совхозында механизатор болып еңбек еткен. Осы облыстың Меңдіқара ауданындағы «Каменьск-Уральский» кеңшарында механизаторлар дайындайтын курсты, кейін Қостанай ауыл шаруашылық техникумын сырттай оқып бітірген. Тракторшы болу Кәмшаттың өзінің жүрек қалауы және жары Темірбек екеуінің шешімі.

1972 жылы қайырмасыз соқамен жер жыртуда Кәмшат әйел механизаторлар арасында өткізілген облыстық жарыста бірінші орынға, республикалық жарыста үшінші орынға, 1973 жылы Ростов облысындағы Зеленоградта бүкілодақтық жарыста жүлделі орынға ие болған. Музей қорында сақталған құнды фотоқұжаттардың бірі–Кәмшат «Кировец» тракторының кабинасынан төменде тұрған Қазақстан КП Бірінші хатшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевпен обкомның сол кездегі бірінші хатшысы Андрей Бородинге алған социалистік міндеттемесін орындағаны туралы баяндап тұрған кезі бейнеленген сәті (КП 13654/12) [3].

Кәмшат елімізде алғаш рет «К-700» сияқты алып тракторды меңгеріп, талай қыз-келіншектерге жол көрсетті. Қазақ қыздарының ауыл шаруашылық техникаларын меңгеруіне үлгі өнеге болды. Музей қорындағы мына бір фотоқұжатта Азово-Черноморский ауыл шаруашылығын механизациялау институтының мамандары ұсынған «К-701» тракторына тіркелген ЖВН-6 атты 3 дестелегіштен тұратын кең ауқымды 18-метрлік егін оратын «Целина» машинасын сынақтан өткізу кезінде сынаққа қатысушы Алматы «Госкомсельхозтехника» тәжірибелік-эксперименттік заводының цех бастығы Арзат Арзиеттің Кәмшатпен агрегаттың тораптарының жұмысын талқылап тұрған кезі бейнеленген (КП 15985/2).



Сонымен қатар, машинаны өндірістік сынақтан өткізген Одақ көлемінде танымал механизатор, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Социалистік Еңбек Ері Кәмшат Дөненбаеваның сынақ жұмыстары кезінде КазТАГ-тың фотокорреспонденті В.Давыдов түсірген суреттері сақталған (КП 15985/4) [3]. Әрі жылдам, әрі маневр жасауға епті бұл агрегат егін ору кезінде бір өзі үш комбайнның жұмысын атқарады және Кәмшат бір сменада 100 гектарға дейін егін орған. Ер азаматтан артық ерен еңбегі нәтижесінде Кәмшат Дөненбаеваға Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің Құрмет дипломы және «Москвич» автомашинасы берілді. Ол СОКП XXV съезінің делегаты, IX сайланған КСРО Жоғары Кеңесінің депутаты. 1980–1985 жылдары КСРО Жоғары Кеңесінің Ұлттар Кеңесі төрағасының орынбасары болды. 1976 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Екі рет Ленин орденімен, Құрмет белгісі орденімен марапатталған [5].

1990–1993 жылдары Кәмшат Байғазықызы осы кеңшарда қауіпсіздік техникасының инженері, 1993 жылдан шаруа қожалығын басқарды. Жұмысты да үлкен абыроймен орындап, үй шаруасына да үлгеріп, қырық бес жыл жыл енесін қолында ұстап, үстіне кір жуытпай, тырнағын алып, шашын өріп анасынан артық жақсы көріп, тәрбиеледі.

Міне, осының бәрін де менің келіндерім өз көздерімен көріп, көңілдеріне түйді. Сондықтан болса керек, олардың маған деген ықыластары мен құрметтері де ерекше екендігі әрбір сөздері мен ниеттерінен кәдімгідей аңғарылып тұрады,- деген екен Кәмшат Байғазы қызы журналистерге берген сұхбатында. Кәмшаттың «ағайын-туған, абысын-ажын, қайнаға-қайнысымен қарым қатынасының өзі бір өнеге» деп жазды журналист С. Меңдібай.

Қазіргі таңда әрбір қазақтың шаңырағына ұйытқы болып отырған жас келіндер мен болашақта тұрмыс құратын бойжеткендерге Кәмшат ана «Өз азаматтарыңды қалай сыйласандар, оларды жарық дүниеге әкелген аналарына да сондай ілтипатпен қараңдар» деп тілек қылады [6].

Тың ардагері, ардақты ана, сүйікті ене, аяулы әже - Кәмшат Байғазықызы облыс өміріндегі қоғамдық жұмыстардан қалмады. Сайлау кезінде Президентіміз Н.Назарбаевтың сенімді өкілі болды. Кәмшат Байғазықызы «Ардагерлер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі Орталық Кеңесінің мүшесі, Облыстық әйелдер ісі жөніндегі және отбасылық-демографиялық комиссияның құрамында жұмыстар атқарды. Қостанай облысының және Қостанай қаласының құрметті азаматы.

Бүгінгі жастар өмірге шынайы көзбен қарап, өз тағдырларына өздері иелік ете алатын азаматтар болуы үшін олар осы Кәмшат Байғазықызы Дөненбаева секілді өз отанының шын патриоттарын үлгі ұстануы қажет.



ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Дөненбаева, К. Еңбек адамның жанын түсінген. //Қостанай таңы. - 2006. - 13 қаңтар. – 8 б.
2. ҚР МОМ қоры. ФКП 13618,13622, 13654; КППМ 2177/1-10; КП14055/1-8.
3. Дөненбаева К. Туған жердің армансыз тердім гүлін. //Қостанай таңы. № 102. 13 қыркүйек, 2013. -4 б.
4. Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. «Алматыкітап баспасы», 2009.
5. Қазақтың Кәмшаты. //Ана тілі. -2013. 7 наурыз.

REFERENCES

1. <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>
2. Donenbayeva K. Enbek adamnyn zhanyn tucingen. //Kostanai tany. - 2006. - 13 kantar. – 8 b.
3. KR MOM kory. FKP 13618,13622, 13654; KPPM 2177/1-10; KP14055/1-8.
4. Donenbayeva K. Tugan zherdin armansyz terdim gulin. // Kostanai tany. № 102. 13 kyrkuek, 2013. -4 b.
5. Tarikhi tulgalar. Tanyndyk - kopshilik basylym. Kurastyrushy: Togysbayev B. Suzkikova A. – Almaty. «Almatykitap baspasy», 2009.
6. Kazaktyn Kamshaty. //Ana tili. -2013. 7 nauryz

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.
 ЭОЖ / УДК / UDK 902.2/904

БРАСЛЕТЫ С ЛЬВИНЫМИ ЛИЧИНАМИ: К ИСТОРИИ ОДНОГО УКРАШЕНИЯ

Хасенова Б.М.

Институт археологии им. А.Х. Маргулана (г. Алматы, Казахстан) научный сотрудник
 E-mail: alicar@inbox.ru

Аннотация. Украшения – визитная карточка своего времени. Для эпохи Золотой Орды следует отметить появление браслетов с львиными личинами на окончаниях. Такой браслет был обнаружен в некрополе Бозок (Северный Казахстан). Браслеты демонстрируют появление новых элементов в искусстве Великой степи в связи с образованием Монгольской империи. Трактовка образа происходит из Сельджукского Ирана, он был переработан в Поволжье, а в некоторые регионы Евразии эти браслеты попали в результате модернизации в данный период Великого Шелкового Пути.

Ключевые слова: Золотая Орда, украшения, образ льва, Сельджукский Иран, торговые пути.

АРЫСТАН БЕТПЕРДЕЛІ БІЛЕЗІКТЕР: БІР ӘШЕКЕЙДІҢ ТАРИХЫНАН

Хасенова Б.М.

Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институты (Алматы қ-сы, Қазақстан) ғылыми қызметкер
 E-mail: alicar@inbox.ru

Аңдатпа. Әшекей заттар – өз заманының визиттік кәртiшкесi. Алтын орда дәуiрiнде арыстан бетперделi бiлезiктердiң пайда болғандығын атап өту керек. Бұндай бiлезiк Бозоқ (Солтүстiк Қазақстан) қорымынан табылды. Бiлезiктер, Моңғол империясы құрылғаннан кейiн Ұлы даланың өнерiнде тың элементтердiң пайда болғандығын көрсетедi. Осы бейне Селжұқтық Иранның бастау алып, Едiл бойында өңделсе, ал Еуразияның кейбiр бөлiктерiне Ұлы Жiбек Жолының осы уақыттағы модернизациялануы нәтижесiнде келген.

Түйiн сөздер: Алтын Орда, әшекейлер, арыстан бейнесi, Селжұқтық Иран, сауда жолдары.

BRACELETS WITH LION IMAGES: ON THE HISTORY OF ONE OF THE PIECES OF JEWELLERY

Khasenova B.M.

Institute of Archaeology named after A. Kh. Margulan, (Almaty, Kazakhstan) research associate
 E-mail: alicar@inbox.ru

Abstract. Jewellery has always played the role of identity of the concrete period of time. The period of the Golden Horde can be characterized by bracelets with lion faces at the ends. Such bracelets were discovered at the Bozok necropolis (North Kazakhstan). The bracelets demonstrate the appearance of new elements in the Great Steppe art in connection with the Mongol Empire formation. The interpretation of image is originated from Seljuk Iran, it was manufactured in the Volga region, and these bracelets

appeared in some parts of Eurasia regions due to modernization during the period of the Great Silky Way.
Keywords: Golden Horde, jewellery, lion's image, Seljuk Iran, trade routes.

Введение

Территория Казахстана во все времена играла значительную роль в установлении взаимоотношений между Востоком и Западом. В эпоху средневековья, помимо традиционных перемещений людей (миграции) и идей, эти связи оказались актуализированы, благодаря Великому Шелковому Пути. Кроме основных маршрутов, ориентированных в широтном направлении, существовало множество ответвлений, в том числе меридиональных.

Один из таких путей на протяжении практически всего средневековья (к сожалению, имеются данные не по всему периоду) соединял южные территории с Сибирью. Несколько вариантов маршрутов известны, начиная с эпохи Кимакского каганата (IX-XI вв.) [по: 1]. В погребениях кимаков обнаруживаются многочисленные китайские монеты, бусы, происходящие с территории Западной Европы, импортный художественный металл [2]. По мнению исследователей, два из описанных маршрутов могут быть идентифицированы с торговыми путями гораздо более позднего времени, известными у казахов. Это Ханжол – Ханская дорога, сведения о ней имеются с середины XVIII в., данный торговый путь проходил через Центральный Казахстан в низовья рек Ишим, Тобол, Иртыш. Второй путь, под названием Сарысуйская дорога, связывал города на Сырдарье с жителями бассейна Иртыша [по: 1].

Находки эпохи Золотой Орды дополняют сведения о временном промежутке между этими двумя периодами. В частности, раскопки некрополя Бозок в Северном Казахстане (Акмолинская область) продемонстрировали уровень торговых отношений данного времени.

В одном из погребений был обнаружен богатый сопроводительный инвентарь. Особенности погребального обряда – грунтовый характер погребения, ориентировка умершей головой на северо-северо-восток, помещение определенных костей жертвенного животного – ноги мелкого рогатого скота, расположенной вертикально в изголовье, позволили прийти к выводу о монгольской этнической принадлежности похороненной женщины. Погребение датируется XIII – началом XIV вв. (об этом подробнее: [3]). Умершей женщине было 40-50 лет (определение выполнено А.В. Колбиной).

Под кистью правой руки лежала серебряная чаша. Слева от тела умершей находились железные пика (?) и кинжал. Железные кольчатые удила были размещены вплотную к западному углу ямы. Интересной особенностью обряда является наличие покрывала из войлока (?), расположенного поверх гробовища и фиксируемого в виде прослойки темно-серого цвета толщиной в 5 см. На ее внешней поверхности находились отдельные мелкие кусочки краски ярко-красного цвета.

Большой интерес представляют сохранившиеся детали костюма. В изголовье левее черепа на расстоянии 10 см от него находился берестяной предмет цилиндрической формы, являющийся основой головного убора. Высота цилиндра 9,8 см, диаметр около 5 см. Первоначально, он видимо, находился в области затылка, но сместился в результате того, что рухнуло деревянное перекрытие. К поверхности цилиндрической части головного убора были прикреплены три раковины каури. В районе височных костей расположены скопления жемчуга. При расчистке было зафиксировано, что слева от черепа находилась 321 жемчужина, справа – 309, в районе шейных позвонков – 51. Судя по зафиксированной при расчистке ситуации, жемчужины были нанизаны на шелковую нить, обнаружены такие отдельные фрагменты низок. Также часть жемчуга, видимо, нанизывалась, образуя фигуры ромбической формы. Об этом свидетельствует зафиксированное отдельно справа от черепа небольшое скопление жемчуга, лежащее в отличие от остальной массы на ровной поверхности и образующее именно данную геометрическую форму

(скопление состояло из 93 жемчужин). Основная масса жемчуга сконцентрирована в районе височных костей, что позволяет предположить их назначение в качестве подвесок к головному убору.

В районе височных костей также находились серебряные серьги, перевернутые подвесками вверх. Под правой серьгой обнаружены небольшие фрагменты кожи и шелковой ткани редкого плетения.

В районе шейных позвонков, а также слева и справа от височных костей находились бусины, все они выполнены из стеклянной пасты, за исключением одной – из серебра цилиндрической формы, причем через ее отверстие продета шелковая нить, завязанная посередине бусины, а на окончаниях нити прикреплены две жемчужины. Остальные бусины биконической формы, покрытые золотистым перламутром, с ребристой поверхностью, покрытые голубой глазурью.

Интерес представляют бусины и подвеска с орнитоморфной символикой. В районе шейных позвонков находилась подвеска в виде клюва пеликана: показаны характерные особенности – клюв, немного выпуклый сверху, расширяется к окончанию. Одна из бусин выполнена в виде туловища птички (голова и хвост не сохранились), вторая – в виде ее головки с коротким крупным клювом, они имеют голубой цвет. Интересно, что если в расположении других бусин не зафиксировано закономерностей, то обе бусины с орнитоморфной символикой расположены справа от головы умершей. Все бусины расположены на небольшом расстоянии друг от друга, видимо, они были зафиксированы на нити с помощью жемчужин, заполняющих пространство между ними.

На запястья рук были надеты серебряные пластинчатые браслеты, окончания которых оформлены стилизованными львиными личинами. На их поверхности зафиксированы фрагменты ткани двух типов они, видимо, представляют собой остатки одежды. Непосредственно к поверхности металла примыкали фрагменты ткани редкого плетения типа холстины, в свою очередь, тонкая шелковая ткань находилась над ней. Диаметр 6 см, концы несомкнутые, ширина пластины 1,2 см.

О высоком социальном положении умершей женщины свидетельствует сам факт наличия весьма представительного погребального инвентаря, также такой вывод можно сделать на основании обнаружения в погребении остатков головного убора бокка или боктаг. Такие головные уборы были неотъемлемой частью костюма знатных монгольских женщин. Об этом свидетельствуют данные письменных источников и сохранившиеся изображения того времени [4].

Несомненно, предметами импорта здесь являются раковины каури. Браслеты и бусины с подвеской, в свою очередь, могли быть изготовлены в одном из городов, вошедших в состав государств, созданных под властью Чингизидов.

Весьма показательной находкой в данном погребении являются браслеты с львиными личинами на окончаниях. История этих украшений заслуживает самого пристального внимания. Значительное их количество обнаруживается в составе кладов на территории Крыма и Поволжья. Можно сказать, что они были модными у знатных женщин в эпоху Золотой Орды. При множестве вариантов, вычлняется устойчивый блок характерных элементов при создании образа льва. Квадрат с размещенной на ней личиной льва размещается на окончаниях браслетов. При проработке образа отмечаются следующие детали. Показаны глаза со зрачком миндалевидной формы, нередко раскосые. Линия, их образующая, соединяется с линией носа, он выполнен в виде удлиненной треугольной фигуры. По мнению М.Г. Крамаровского, одним из ремесленных центров, занимающихся производством подобных браслетов было Поволжье, а в качестве исходной формы для создания образа льва выступают образцы с территории Сельджукского Ирана [3]. Образование Монгольского государства привело к появлению новых образов, иной

трактовке уже известных сюжетов в искусстве степных племен. В свою очередь, эти браслеты могли попасть к знатной представительнице монгольского племени, кочующего в степях Северной Сарыарки, по одному из ответвлений Великого Шелкового Пути.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Кумеков Б.Е. Государство кимаков IX-XI вв. по арабским источникам. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 156 с.
2. Арсланова Ф.Х. Женские погребения IX-X вв. с бусами из Казахстанского Прииртышья // Вопросы археологии Казахстана / Отв. ред. З. Самашев. – Алматы–М., 1998. – Вып. 2. – С. 97-109.
3. Акишев К.А., Хасенова Б.М., Мотов Ю.А. К вопросу о монгольских погребениях XIII-XIV вв. (по материалам некрополя Бозок) // Бозок в панораме средневековых культур Евразии: матер. междунар. полевого семинара. – Астана: ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, 2008. – С. 56-65.
4. Крамаровский М.Г. Золото Чингисидов: культурное наследие Золотой Орды. – Санкт-Петербург: изд-во «Славия», 2001. – 363 с.

REFERENCES

1. Kumekov B.E. Gosudarstvo kimakov IX-XI vv. po arabskim istochnikam. – Alma-Ata: Nauka, 1972. – 156 s.
2. Arslanova F.H. Zhenskie pogrebeniya IX-X vv. s busami iz Kazahstanskogo Priirtysh'ya // Voprosy arheologii Kazahstana / Otv. red. Z. Samashev. – Almaty–M., 1998. – Vyp. 2. – S. 97-109.
